

Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009 жылғы 16 қарашадағы N 711 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 26 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5920 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 6 маусымдағы № 394 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.06.06 № 394 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 69-бабына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті төрағасының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Ф.Б. Бисмильдин) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Е.А. Біртановқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і н

міндетін атқарушы

Б. Садықов

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушының
2009 жылғы 16 қарашадағы
N 711 бұйрығына
1-қосымша

Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу ережесі

1. Жалпы ереже

1. Осы Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу ережесі (бұдан әрі – Ереже) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме немесе бөлшек саудада өткізу тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылды:

1) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізу – осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылатын дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сатып алумен, сақтаумен, әкелумен, әкетумен, (халыққа дәрілік заттарды өткізуді қоспағанда) көлеміне шек қоймай өткізумен, жоюмен байланысты фармацевтикалық қызмет;

2) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізу – осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылатын дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сатып алумен (әкелуден басқа), сақтаумен, бөлумен, соңғы тұтынушыға өткізумен (әкетуден басқа), жоюмен байланысты фармацевтикалық қызмет;

3) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы – қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әзірлеушіден және (немесе) өндірушіден тұтынушының қолдануына дейін жеткізу процесінде жүзеге асырылатын қызмет;

4) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы субъектілер – фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар;

5) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық

техниканы көтерме саудада өткізу объектісі – дәріхана қоймасы, дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника қоймасы;

б) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізу объектісі – дәріхана, алғашқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріхана пункті, шалғайдағы елді мекендерге арналған жылжымалы дәріхана пункті, медициналық техника және медициналық мақсаттағы бұйымдар дүкені және оптика дүкені.

3. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізуді дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізумен байланысты фармацевтикалық қызметке және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізу объектісіне лицензия оған қосымша алған дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы субъектілер жүзеге асырады.

4. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізуді дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізумен байланысты фармацевтикалық қызметке және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізу объектісіне лицензия оған қосымша алған дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы субъектілер жүзеге асырады.

5. Дәріхана қоймасында және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшектеп өткізу объектілерінде анықтамалық әдебиет, фармацевтикалық қызметтің кіші түрі жүзеге асырылатын дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналысын реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері болуы тиіс.

Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника қоймасында (дүкен), оптика дүкенінде медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысын регламенттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, анықтамалық әдебиет және медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы қолдану, пайдалану сапасын қамтамасыз ету жөніндегі проспектілер, каталогтар, нұсқаулықтар болуы тиіс.

6. Сапасыз дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың келіп түсуін ескерту және сақтау және оларды өткізу

кезінде сапасының төмендеуін болдырмау мақсатында:

1) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы қабылдау және өткізу кезінде сапасын бақылау;

2) дәріханаішілік бақылаудың барлық түрлері (дәрілік заттарды дайындау құқығы бар дәріханаларда);

3) мыналарды:

санитариялық ережелер мен нормаларды сақтауды;
дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сақтау ережесі мен мерзімдерін қамтамасыз етуді және сақтауды;

тааразылау-өлшеу аспаптардың жарамдылығы мен дәлдігін қамтамасыз етуді;
дәрілік түрлерді дайындау технологиясын сақтау, жазылған дозалардың науқастың жасына сәйкестігін, бір уақытта босату нормаларын тексеруді, рецептiлердiң дұрыс жазылып берiлуiн тексерудi;

жарамдылық мерзімі шектеулі дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы есепке алуды жүргізуді;
сәйкестік сертификатының жарамдылық мерзімін есепке алуды жүргізуді;

жазып берілген рецептiлердiң дұрыстығын, оның қолданылу мерзімін, жазып берiлген дәрілік заттардың үйлесiмдiлiгiн тексерудi қамтитын ескерту іс-шаралары жүргізіледі.

7. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу объектілерінде мемлекеттік және орыс тілдерінде фармацевтикалық қызмет субъектісінің атауы, оның ұйымдастыру-құқықтық нысаны және жұмыс тәртібі көрсетілген мандайша болуы тиіс.

Халықтың танысуы үшін ыңғайлы жерде:

1) фармацевтикалық қызметке лицензиясының және оған тиісті қосымшаның көшірмелері;

2) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналысы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің телефондары және мекен-жайлары туралы ақпарат;

3) пікірлер мен ұсыныстар кітабы;

4) фармацевтикалық анықтама қызметінің телефон нөмірлері туралы ақпарат;

5) бөлшек саудада өткізу объектілерінде:

"Дәрілік заттар балаларға босатылмайды", "Дәрігердің рецептi бойынша босатылуға арналған дәрілік заттарды рецептурісіз өткізуге тыйым салынады" деген сипаттағы ақпарат;

дәріханада дайындалатын (дайындау құқығы бар дәріхана үшін) дәрілік препараттарды сақтау мерзімдері туралы ақпарат;
тегін немесе жеңілдікті шарттармен босатылатын дәрілік заттар, белгілі бір

аурулармен ауыратын азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде тегін және (немесе) жеңілдікті қамтамасыз ету үшін дәрілік заттар мен бейімделген емдік өнімдердің тізбесі туралы ақпарат орналасуы тиіс; сату залының халыққа қызмет көрсету аймағында сөрелер, ақпараттық стенділер, ақпараттық жарнама (алдын алу сипатындағы парақтар, буклеттер) р е с і м д е л е д і .

8. Қазақстан Республикасында бақылауға жататын құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың айланысының ерекшеліктері есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

2. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізу тәртібі

9. Дәріхана қоймасында дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме өткізу жүзеге асырылады. Медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника қоймасында медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме өткізу ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

10. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізу кезінде дәріхана қоймасынан, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника қоймасынан ілеспе құжаттары б е р і л е д і .

11. Ілеспе құжатты дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы субъект басшысының немесе оған өкілетті адамның, бас бухгалтердің, сондай-ақ дәріхана қоймасынан немесе медициналық мақсаттағы бұйым мен медициналық техника қоймасынан дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы босатқан адамның қол қоюымен расталады. Ілеспе құжатты түзетуге, қосып жазуға, таңбалауға рұқсат етілмейді.

12. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізу кезінде ілеспе құжатта дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың әрбір атауына және партиясына (сериясына) сәйкестік сертификатының нөмірі және оның қолданылу мерзімі көрсетіледі.

13. Сәйкестік сертификаты (немесе оның көшірмесі) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың дәріхана қоймасында, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника қоймасында жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін сақталуы және дәрілік

заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігіне және сапасына бақылауды жүзеге асыратын тұтынушылар және мемлекеттік органдар үшін қолжетімді болуы тиіс.

14. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізу кезіндегі бақылау мыналарды қамтиды:

1) жабдықтардың толықтығын, сапасын, санын (қаптама бүтіндігін, тұтынушылар үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған дәрілік заттарды, медициналық мақсатты бұйымдар мен медициналық техниканы қолдану жөніндегі нұсқаулықтың болуын) тексеруді;

2) босатылатын дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника партиясының (сериясының) ілеспе құжаттарда көрсетілген партияларға (серияларға) сәйкестігін;

3) сәйкестік сертификатының болуын қамтиды.

15. Дәріхана қоймасында, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника қоймасында дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың атауы, дозалау, қаптамасы, өндіруші елдің және өнім берушінің және қабылдаушының атауы мен мекен-жайы, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың алынған және босатылған саны тіркелетін жазбаша және электронды түрдегі дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сериялық есебі жүргізіледі.

16. Дәрілік заттардың субстанциялары тиісінше дәрілік заттарды дайындауға және өндіруге лицензиясы бар дәріханаларға және өндіруші ұйымдарға көтерме саудада босатылады.

16-1. Беларусь Республикасы және Ресей Федерациясы аумақтарында сату үшін емес Кеден одағының Бірыңғай кедендік тарифінің мөлшерлерінен өзгеше кедендік баж мөлшерлері бойынша үшінші елдерден Қазақстан Республикасына келетін импорттық фармацевтикалық өнімді көтерме саудада өткізу жүзеге асырылады.

Ескерту. 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011.06.08 № 368 (ресми жариялаған күнінен он күнтізбектік күн өткеннен кейін күшіне енгізіледі) Бұйрығымен.

3. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізу тәртібі

17. Дәріханада, алғашқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріхана пунктінде, шалғайдағы ауылдық жерлерге арналған

жылжымалы дәріхана пунктінде (бұдан әрі – фармацевтикалық қызмет объектілері) дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды бөлшек саудада өткізу жүзеге асырылады. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар дүкенінде медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізу жүзеге асырылады. Оптика дүкенінде оптиканы және медициналық мақсаттағы бұйымдарды бөлшек саудада өткізу жүзеге асырылады.

18. Аудандық орталық шалғайдағы дәріханасы жоқ елді мекендерде дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды бөлшек саудада өткізуді алғашқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріхана пункттері және жылжымалы дәріхана пункттері арқылы жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

Бұл ретте фармацевтикалық білімі бар мамандар болмаған жағдайда дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың сапасының, қауіпсіздігінің және тиімділігінің сақталуын аттестатталған медициналық білімі бар мамандар қамтамасыз етеді.

19. Дәрілік заттар дәрігердің рецепті бойынша және рецептісіз халыққа бөлшек саудада өткізіледі.

20. Дәрілік заттарды рецептіде немесе қажетті емдеу курсына көрсетілген санда босату қажет болған жағдайда блистерлікті қоспағанда, дәрі қаптамасына фармацевтикалық қызмет объектісінің, дәрілік заттың атауын, препараттың санын, мөлшерін, сериясын, өндіруші елді көрсете отырып оның атауын, жарамдылық мерзімін, қолдану тәсілін сақтық шараларын міндетті түрде көрсете отырып, зауыттың түпнұсқа қаптамасын бұзып өткізуге болады.

21. Халыққа дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізу осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бланкілерде сәйкесті медициналық көрсеткіштер болған кезде денсаулық сақтау ұйымдарының медицина қызметкерлері өз құзыреті шегінде жазып берген және ресімдеген рецепті бойынша және рецептісіз жүзеге асырылады.

Рецептілер рецепт жазып берген медицина қызметкерінің қолымен және жеке мөрмен расталады.

22. Дәрілік заттармен тегін немесе жеңілдікті қамтамасыз етілуге құқылы науқастардың жекелеген санаттары үшін тегін немесе жеңілдікті шарттарда дәрілік заттарды алуға халыққа дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізу осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бланкілерде жазылып берілетін рецепт бойынша жүзеге асырылады.

"Есірткі, психотроптық заттар прекурсорлары және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы"

Қазақстан Республикасының Заңының 1-қосымшасында берілген медициналық мақсатта пайдаланатын және бақылаудағы есірткі және психотроптық заттар тізім III кестесінің психотроптық заттары бар дәрілік заттарды халыққа бөлшек саудада өткізу осы Ережеге 1-қосымшаға нысан бойынша сәйкес бланкілерде жазылып берілетін рецепт бойынша жүзеге асырылады.

23. Тегін немесе жеңілдетілген жағдайларда, сондай-ақ құрамында психотроптық заттар бар дәрілік заттарды алуға арналған рецепт бөлімше меңгерушісі қосымша қол қоюы тиіс және денсаулық сақтау ұйымының "Рецепт үшін" деген мөрімен расталады.

Алғашқы медициналық-санитариялық көмек объектісінің лауазымды адамы тегін немесе жеңілдікті шарттарда, сондай-ақ құрамында психотроптық заттар бар дәрілік заттарды алуға арналған рецептіні өзінің қолымен және ұйымның мөрімен растайды.

Фельдшерлік-акушериялық пункттің меңгерушісі тегін немесе жеңілдікті шарттарда, сондай-ақ құрамында психотроптық заттар бар дәрілік заттарды алуға арналған рецептіні өзінің қолымен және фельдшерлік-акушериялық пункттің мөрімен растайды.

24. Ауылдық елді мекендердегі пункттерде, дәрігерлер болмаған жағдайда рецептiлердi науқастарды амбулаториялық қабылдауды жүргізетін орта медициналық қызметкерлер жазып береді.

25. Мемлекеттік денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті органдарымен бірге тиісті шарты бар фармацевтикалық қызмет объектілерінде денсаулық сақтау ұйымының басшысын бекіткен тегін немесе жеңілдікті дәрілік заттарды алуға арналған рецептiге қол қою құқығы бар бөлімше меңгерушілерінің тізімі және қол қою үлгілері болуы тиіс.

26. Дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізу бланкіде көзделген барлық бағандарды міндетті түрде толтыру арқылы латын тілінде, түзетусіз, түсінікті жазылған рецепт бойынша жүзеге асырылады, қолдану тәсілі, қабылдау мөлшерін, жиілігін және ұзақтығын көрсете отырып, мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылады. Жалпы нұсқаулармен ("Белгілі", "Ішкі", "Сыртқы") шектеуге рұқсат етілмейді.

27. Рецептiге осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес қысқартуға рұқсат етіледі.

28. Тегін немесе жеңілдікті шарттарда босатылатын және құрамы 8-оксихинолиннің туындыларынан тұратын дәрілік заттар, улы заттар, гормондық стероидтер, клонидин, анаболиялық стероидтер бір рецептiлік бланкіде бір атау жазылған жағдайда босатылады.

Бір рецептiлік бланкідегі қалған дәрілік заттарға екі атаудан аспайтын дәрілік заттар жазылып беріледі.

29. Медициналық қызметкер бір реттік мөлшерден асатын дәрілік заттардың

мөлшерін рецептіде жазып және леп белгісімен белгілеу талаптарын сақтамаған жағдайда фармацевтикалық қызмет объектісінің қызметкері жазып берілген дәрілік заттың белгіленген бір реттік мөлшерден асатын мөлшердің жартысын б о с а т а д ы .

30. Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын қоспағанда , қолданылатын дәрілік заттарға жазылған рецептілер жарамсыз деп саналады.

31. Фармацевтикалық қызмет объектісінің қызметкері құрамы 8-оксихинолиннің туындыларынан тұратын дәрілік заттарды, улы заттарды, гормондық стероидтерді, клонидинді, анаболиялық стероидтерді тегін және жеңілдікті шарттарда жазып берілген рецепт бойынша оларды жазып берген күнінен бастап 10 күнтізбелік күні ішінде босатады.

32. Фармацевтикалық қызмет объектісінің қызметкері тұрақты (ұзақ) емдеуді қажет ететін науқастар үшін дәрілік заттарды (осы Ереженің 28-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда) оларды жазып берген күнінен бастап 3 а й д ы н і ш і н д е б о с а т а д ы .

Бұл ретте рецептілерде рецептіні жазып берген медицина қызметкерінің қолымен және жеке мөрімен бекітілген ("апта сайын" немесе "ай сайын") дәріханадан дәрілік заттарды мерзімді босату бойынша және "Арнайы тағайындалған" деген жазуы болуы тиіс.

33. Қалған рецептілерге фармацевтикалық қызмет объектісінің қызметкері оларды жазып берген күнінен бастап бір ай ішінде дәрілік заттарды босатады.

34. Ресімдеу талаптарына сай келмейтін және (немесе) құрамында үйлеспейтін компоненттерден тұратын дәрілік зат бар рецепт жарамсыз деп саналады және дәріханада қалдырылады.

35. Жарамсыз рецептілерге "Рецепт жарамсыз" деген мөр қойылады, фармацевтикалық қызмет объектісінің мөрімен және басшысының қолымен бекітілген, нөмірленген және жіппен байланған, осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес дұрыс жазып берілмеген рецептілерді есепке алу нысан бойынша ж у р н а л ы н д а т і р к е л е д і .

Бұл ретте фармацевтикалық қызмет объектісінің қызметкері құрамында үйлеспейтін компоненттер бар дәрілік заттарды қоспағанда науқасқа жазып берілген дәрілік затты босатады.

36. Дұрыс жазып берілмеген рецептілер туралы ақпарат бақылау үшін тиісті емдеу-профилактикалық ұйымның басшысына және (немесе) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың тиісті жергілікті органдарына беріледі.

37. Дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдетілген жағдайларда босатуды мемлекеттік денсаулық сақтау басқарудың тиісті жергілікті органдарымен тиісті келісімшарты бар фармацевтикалық қызмет объектілері жүзеге асырады.

Бұл ретте фармацевтикалық қызмет объектілері рецептілерде көрсетілген

деректерді тегін және жеңілдікті дәрілік заттарды алуға арналған рецептiге қол қою құқығы бар бөлімше меңгерушілерінің тізімі және қол қою үлгілерімен с а л ы с т ы р а д ы .

38. Денсаулық сақтау ұйымдарында жазып берілген дәрілік заттарға арналған рецептілер республиканың (аудан, қала, облыс) әкімшілік-аумақтық бірліктері шеңберінде қолданыстағы тегін және жеңілдікті дәрілік заттарды босатуға арналған рецептілерді қоспағанда, Қазақстан Республиканың барлық а у м а қ т а р ы н д а ж а р а м д ы .

39. Фармацевтикалық қызмет объектілердің дәрілік заттарға арналған рецептілерді сақтау мерзімдері:

- 1) тегін және жеңілдікті шарттарда босатылған дәрілік заттарға – 3 жыл;
- 2) құрамы 8-оксихинолиннің туындыларынан тұратын дәрілік заттарға, улы заттарға, гормондық стероидтерге, клонидинге, анаболиялық стероидтерге – 3 ай.

Бұл ретте фармацевтикалық қызмет объектісінің қызметкері дәрілік затты бөлшек саудада өткізу кезінде рецептіде көрсетілген тәсілді науқасқа қолдануды қ а й т а л а й д ы .

40. Сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін рецептілер жойылуы тиіс.

41. Рецептілерді жою үшін құрамында фармацевтикалық қызмет объектісінің басшысы және материалдық-жауапты адамдар бар комиссия құрылады.

Комиссия жойылған рецептілердің саны жазумен көрсетілетін, жою туралы а к т і н і т о л т ы р а д ы .

42. Дәріханада, дәріхана пунктінде дәрігердің рецептісінде жазылған дәрілік зат болмаған жағдайда фармацевтикалық қызмет объектісінің қызметкері емдеуші дәрігердің келісімімен оны фармакологиялық ұқсас түрімен ауыстыра а л а д ы .

Фармацевтикалық қызмет объектісінің қызметкері дәрігердің келісімінсіз ассортиментте бар, халықаралық патенттелмеген атауымен дәрілік заттың с и н о н и м і н ұ с ы н а д ы .

43. Жаймасөреге дәрігердің рецептісінсіз өткізілетін дәрілік заттар қойылады.

44. Фармацевтикалық қызмет объектісінің қызметкері дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізу кезінде пациентке мынадай:

дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы дұрыс және ұтымды қолдану немесе пайдалану;

дәрілік заттардың болуы мүмкін жанама әсері және қарсы айғақтары;

басқа дәрілік заттармен өзара әрекеттесуі, оларды қолдану немесе пайдалану кезіндегі сақтық шаралары;

дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы үй жағдайларында сақтау ережесі және жарамдылық мерзімі;

медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы пайдалану ережесі, жинақтылығы бойынша ақпаратты ұсынады.

45. Қажет болған жағдайларда фармацевтикалық қызмет объектісінің қызметкері дәрігердің рецептсіз босатылатын дәрілік заттарды қолдану бойынша консультация береді.

4. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы қабылдау және өткізуге дайындау

46. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу объектілері кіріске алынған және ресімделген құжаттары бар дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы өткізуді жүзеге асырады.

47. Көтерме және бөлшек саудада өткізу объектілерінде дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы саны мен сапасы бойынша қабылдау өнім берушінің ілеспе құжаттары негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы қабылдау кезінде мыналар бақыланады:

1) ыдыстардың жинақтылығы, бүтіндігі, қаптамалардың, таңбалардың нормативтік құжаттарға сәйкестігі, дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды қолдану жөніндегі тұтынушыларға арналған мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған нұсқаулықтың болуы;

2) ілеспе құжаттарында сәйкестік сертификаты нөмірінің және оның жарамдылық мерзімінің болуы;

3) дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника сериясының (партия) ілеспе құжатта көрсетілген сериямен (партия) сәйкестігі.

48. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника оларды өткізгенге дейін қаптамалардың ашылуы, саралануы және тексерілуі, қажет болған жағдайда зауыт майынан тазартылуы, жинақталуы, жиналу, реттелуі тиіс.

49. Ілеспе құжаттарға сәйкес келмейтін, жарамдылық мерзімі аяқталған, Қазақстан Республикасында сертификаттаудан және мемлекеттік тіркеуден өтпеген, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника тиісті шара қабылданғанға дейін басқа дәрілік заттардан, медициналық мақсаттағы

бұйымдар мен медициналық техникадан бөлек сақталады және талдау нәтижелерін алғанға дейін өткізуге тыйым салу туралы заттаңбамен жабдықталады.

Дәрілік заттарды, медициналық
мақсаттағы бұйымдар мен
медициналық техниканы көтерме
және бөлшек саудада өткізу
ережесіне 1-қосымша

Н ы с а н

Форма

Ф о р м а т

А6 форматы

А 6

| Нысанның БҚСЖ бойынша коды _____ |
| Код формы по ОКУД _____ |
| КҰЖЖ бойынша ұйым коды _____ |
Код организации по ОКПО _____

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 20__ жылғы " __ " _____ N _____ бұйрығымен бекітілген N130/е нысанды медициналық құжаттама
Ұйымның атауы Наименование организации		Медицинская документация Форма N130/у утверждена приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от " __ " _____ 20__ года N _____

Ұйымның мөртабаны, шифры

Штамп, шифр организации

РЕЦЕПТ

БАЛАҒА АРНАЛҒАН
ДЛЯ РЕБЕНКА

ЕРЕСЕККЕ АРНАЛҒАН
ДЛЯ ВЗРОСЛОГО

(сызып қою керек - подчеркнуть)

20 __ ж . " _____ "

(рецептің жазылған күні - дата выписки рецепта)

Сырақаттың Т.А.Ә., жасы (Ф.И.О. больного, возраст) _____

Дәрігердің Т.А.Ә. (Ф.И.О. врача) _____

Рр.

Рр.

D.S.

Рецептің жарамдылығы (рецепт действителен): 10 күн (дней), 1 ай (месяц), арнайы тағайындау бойынша: "апта сайын" немесе "ай сайын" (по специальному назначению: "еженедельно" или "ежемесячно") (сызып қою керек - нужное подчеркнуть)

ДӘРІГЕРДІҢ ҚОЛЫ МЕН ЖЕКЕ МӨРІ _____ м.о.

ПОДПИСЬ И ЛИЧНАЯ ПЕЧАТЬ ВРАЧА _____ м.п.

Для лекарственных средств, содержащих психотропные вещества

Бөлімше _____ басшысының _____ қолы,

Ұйымның мөрі "Рецептер үшін" _____ м.о.

Подпись _____ заведующего _____ отделением,

Печать организации "Для рецептов" _____ м.п.

Келесі _____ беттегі _____ 130/е _____ н.

Оборот ф. 130/у

Дәрігердің жадынамасы

1. Емдеу-профилактикалық ұйымының шифры баспаханалық тәсілмен басылады _____ немесе _____ мөртабан _____ қойылады.

2. Рецепт латын тілінде, анық, айқын жазылады, шарикті қаламмен толтырылады, _____ түзетуге _____ тыйым _____ салынады.

3. Бір бланкіге мыналар жазылуы мүмкін:

а) құрамында 8–оксихинолиннен шыққан заттар, улы заттар, гормондық стероидтер, клонидин, анаболикалық стероидтер бар бір дәрілік зат;

б) қалған дәрілік заттарға бір, екі дәрілік зат.

4. Ережеде қабылданған рецептуралық қысқартуларға ғана рұқсат етіледі.

5. Қатты, сусымалы заттар грамдарда (0,001; 0,02; 0,3; 1,0), сұйық заттар - миллилитрлерде, _____ грамдар _____ мен _____ тамшыларда _____ жазылады.

6. Қолдану тәсілі мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жазылады.

7. "Ішке", "Сыртқа", "Белгілі" деген және басқа да жалпы нұсқаулармен шектеуге _____ рұқсат _____ етілмейді.

8. Рецепттіні толтырған кезде (ересекке арналған, балаға арналған) қажеттісінің _____ астын _____ сызу _____ керек.

9. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдарында жазылып берілген рецептілер республиканың бүкіл аумағында жарамды:

а) құрамында 8–оксихинолиннен шыққан заттар, улы заттар, гормондық стероидтер, клонидин, анаболикалық стероидтер бар дәрілік заттар жазылған

күннен бастап - 10 күннің ішінде сатып алынса;
ә) тұрақты (ұзақ) емдеуді қажет ететін сырқаттарға дәрілік заттарды (а) тармағында көрсетілген жағдайларда берілетін дәрілік заттарды коспағанда) жазып беру кезінде рецептілердің жарамдылық мерзімі үш айға дейін белгіленеді . Бұл ретте "Арнайы тағайындалған" деген жазудың және дәрілердің дәріханадан босату мерзімділіктерінің ("апта сайынғы" немесе "ай сайынғы") қажеттісінің астылары сызылып, рецептті жазып берген дәрігердің қолымен және оның жеке м ө р і м е н р а с т а л у ы т и і с ;
б) қалған рецептілер жазып берген күннен бастап бір айға дейін жарамды.
10. Дәрігердің қолы оның жеке мөрімен расталуы тиіс.

Памятка врачу

1. Шифр лечебно-профилактической организации печатается типографским способом или ставится штамп.
2. Рецепт выписывается на латинском языке, разборчиво, четко, шариковой ручкой, исправления запрещаются.
3. На одном бланке может быть выписано:
 - а) одно лекарственное средство содержащее производные 8-оксихинолина, ядовитые вещества, гормональные стероиды, клонидин, анаболические стероиды ;
 - б) одно, два лекарственных средства на остальные лекарственные средства.
4. Разрешаются только принятые Правилами рецептурные сокращения.
5. Твердые сыпучие вещества выписываются в граммах (0,001; 0,02; 0,3; 1,0), жидкие - в миллилитрах, граммах и каплях.
6. Способ применения указывается на государственном или русском языках.
7. Не допускается ограничиваться общими указаниями: "Внутреннее", "Наружное", "Известно" и другие.
8. При заполнении подчеркнуть предназначение рецепта (для взрослого, для ребенка) .
9. Рецепты, выписанные в организациях здравоохранения Республики Казахстан, действительны на территории всей республики:
 - а) на получение лекарственных средств, содержащих производные 8-оксихинолина, ядовитые вещества, гормональные стероиды, клонидин, анаболические стероиды - в течение 10 дней со дня их выписывания;
 - б) больным, нуждающимся в постоянном (длительном) лечении (за исключением случаев, указанных в пункте а) - до трех месяцев. При этом, подчеркиваются надписи "По специальному назначению" и по периодичности отпуска лекарств из аптеки ("еженедельно" или "ежемесячно"), скрепляются

подписью и личной печатью врача, выписавшего рецепт;

в) остальные рецепты - в течение одного месяца со дня их выписывания.

10. Подпись врача должна быть заверена его личной печатью.

Жеке дайындалған препараттардың N (N препаратов индивидуального приготовления)		Дәріхананың мөртабаны (штамп аптеки)	
Қабылдады (принял)	Дайындады (приготовил)	Тексерді (проверил)	Босатты (отпустил)

Дәрілік заттарды, медициналық
мақсаттағы бұйымдар мен
медициналық техниканы көтерме
және бөлшек саудада өткізу
ережесіне 2-қосымша
Н ы с а н
Форма

А 6 форматы		-----	
Нысанның БҚСЖ бойынша коды -----			
Код формы по ОКУД			
КҰЖЖ бойынша ұйым коды -----		Код организации по ОКПО	

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство Республики Казахстан	Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство Республики Казахстан	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министріні 200__ж. "__"____ N ____ бұйрығымен бекітілген N 132/е нысанды медициналық құжаттама	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министріні 200__ж. "__"____ N ____ бұйрығымен бекітілген N 132/е нысанды медициналық құжаттама
Ұйымның Наименование организации	атауы	Медицинская документация Форма N 132/у утверждена приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от " __ " _____ 200__ года N __	Медицинская документация Форма N 132/у утверждена приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от " __ " _____ 200__ года N __
ТҮБІРТЕГІ – КОРЕШОК			
Түбіртегі денсаулық сақтау ұйымында қалдырылады да, кейін бухгалтерияға тапсырылады			
Корешок остается в организации здравоохранения, затем передается в бухгалтерию			
Серия _____ N _____			
" __ " _____ 200__ жыл (год)			
(рецептінің жазылған күні, дата выписки рецепта)			

кестенің жалғасы

Формат А 6		-----	
Нысанның БҚСЖ бойынша коды -----			
Код формы по ОКУД			
КҰЖЖ бойынша ұйым коды -----			
Код организации по ОКПО			

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 200__ ж. " __ " _____ N ____ бұйрығымен	Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 200__ ж. " __ " _____ N ____ бұйрығымен

Министерство здравоохранения Республики Казахстан	б е к і т і л г е н N 132/е нысанды медициналық құжаттама
Ұйымның атауы Наименование организации	Медицинская документация Форма N 132/у утверждена приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от "___" _____ 200__ года N _____

Ұйымның мөртабаны, шифры
штамп, шифр организации

**ТЕГІН НЕМЕСЕ ЖЕҢІЛДІКТІ РЕЦЕПТ
РЕЦЕПТ БЕСПЛАТНЫЙ или ЛЬГОТНЫЙ**

(сызып қою керек - подчеркнуть)

СЕРИЯ _____ N _____ "___" _____ 200__ жыл (год)
(рецептінің жазылған күні, дата выписки рецепта)

БАЛАҒА АРНАЛҒАН
(ДЛЯ РЕБЕНКА)

(сызып қою керек - подчеркнуть)

ЕРЕСЕККЕ АРНАЛҒАН
(ДЛЯ ВЗРОСЛОГО)

Сырқаттың Т.А.Ә., жасы (Ф.И.О. больного, возраст) _____	к е с у с ы з ы ғ ы - л и н и я о т р е з а
Медициналық құжаттың (Медицинская документация) N _____	
Диагнозы (диагноз) _____	
Мекенжайы (домашний адрес) _____	
Учаскенің (участок) N _____	
Теңге: тиын: Rp: _____	
_____ D.S. _____	

Дәрігердің Т. А. Ә. (Ф.И.О.врача) _____	

кестенің жалғасы

ТЕГІН	ТӨЛЕМІ БОЙЫНША _____ %
БЕСПЛАТНО	ОПЛАТА _____ %
Сырқаттың Т. А. Ә., жасы (Ф.И.О. больного, возраст) _____	
Диагнозы (диагноз) _____	
Мекенжайы (домашний адрес) _____	
Медициналық құжаттың (Медицинская документация) N _____	
Дәрігердің Т. А. Ә. (Ф.И.О. врача) _____	
Теңге: тиын: Rp: _____	
_____ D.S. _____	
Дәрігердің қолы мен жеке мөрі	м.о
Подпись и личная печать _____ м.п.	

Оборот ф. 132/ У

Жеке дайындалған препараттардың (N препаратов индивидуального приготовления)		N Дәріхананың мөртабаны (штамп аптеки)	
Қабылдады (принял)	Дайындады (приготовил)	Тексерді (проверил)	Босатты (отпустил)

Дәрігердің жадынамасы

1. Емдеу-профилактикалық ұйымының шифры баспаханалық тәсілмен басылады немесе мөртабан қойылады.
2. Рецепт латын тілінде, анық, айқын жазылады, шарикті қаламмен толтырылады, түзетуге тыйым салынады.
3. Бір бланкіге бір дәрілік зат жазылуы мүмкін.
4. Ережеде қабылданған рецептуралық қысқартуларға ғана рұқсат етіледі.
5. Қатты, сусымалы заттар грамдарда (0,001; 0,02; 0,3; 1,0), сұйық заттар - миллилитрлерде, грамдар мен тамшыларда жазылады.
6. Қолдану тәсілі мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жазылады.
7. "Ішке", "Сыртқа", "Белгілі" деген және басқа да жалпы нұсқаулармен шектеуге рұқсат етілмейді.
8. Рецептіні толтырған кезде (ересекке арналған, балаға арналған) қажеттісінің астын сызу керек.
9. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдарында тегін немесе жеңілдікпен босатылатын дәрілік заттарға жазылып берілген рецептілер республиканың әкімшілік – аумақтық бірілік шегінде (аудан, қала, облыс) 10 күннің ішінде жарамды.
10. Тегін немесе жеңілдікпен босатылатын рецептіні толтырған кезде қажеттісінің астын сызып және жеңілдіктердің пайызын көрсету керек.
11. Дәрігердің қолы оның жеке мөрімен расталуы тиіс.

Памятка врачу

1. Шифр лечебно-профилактической организации печатается типографским способом или ставится штамп;
2. Рецепт выписывается на латинском языке, разборчиво, четко, шариковой ручкой, исправления запрещаются;
3. На одном бланке может быть выписано одно лекарственное средство;
4. Разрешаются только принятые Правилами рецептурные сокращения;
5. Твердые сыпучие вещества выписываются в граммах (0,001; 0,02; 0,3; 1,0),

- жидкие - в миллилитрах, граммах и каплях;
6. Способ применения указывается на государственном или русском языках;
7. Не допускается ограничиваться общими указаниями: "Внутреннее", "Наружное", "Известно" и другие;
8. При заполнении подчеркнуть предназначение рецепта (для взрослого или д л я р е б е н к а) ;
9. Рецепты, выписанные в организациях здравоохранения Республики Казахстан на бесплатный или льготный отпуск лекарственных средств действительны в пределах административно-территориальной единицы республики (район, город, область) в течение 10 дней со дня их выписывания;
10. При заполнении рецепта бесплатно нужно подчеркнуть или на льготных условиях нужно подчеркнуть и указать процент льгот.
11. Подпись врача должна быть заверена его личной печатью.

Дәрілік заттарды, медициналық
мақсаттағы бұйымдар мен
медициналық техниканы көтерме
және бөлшек саудада өткізу
ережесіне 3-қосымша

Негізгі рецептуралық қысқартулар

қысқартулар	Толық жазылуы	Аудармысы
aa	ana	тендей
ac. acid.	acidum	қышқыл
amp.	ampulla	ампула
aq.	aqua	су
aq. purif.	aqua purificata	тазартылған су
but.	butyrum	дистилляцияланған су
comp., cps.	compositus (a, um)	май (қатты)
D.	Da, Detur, Dentur	күрделі
D.S.	Da, Signa; Detur, Signetur	Бер. Берілетін болсын. Осылар берілетін болсын
D.t.d.	Da (Dentur) tales doses	Бер, белгіле. Берілетін, белгіленетін болсын. Берілсін, белгіленсін
Dec.	Decoctum	Осындай мөлшерлерді бер (берілетін болсын)
dil.	dilutus	қайнатпа
div. in p.aeq	divide in partes aequales	ерітілген
emuls	emulsum	тең бөліктерге бөл
emuls	emulsum	эмульсия
extr.	extractum	сығынды, сорып алынған
f.	fiat (fiant)	түзілетін болсын (түзілсін)

gtt.	gutta, guttae	тамшы, тамшылар
inf.	infusum	тұнба
in amp.	in ampullis	ампулаларда
in caps.gel.	in capsulis gelatinosis	желатинді капсулаларда
in tabl.	in tab(u)lettis	таблеткаларда
lin.	linimentum	сұйық жақпа май
liq.	liquor	сұйықтық
M. pil.	massa pilularum	пилюльдік салмақ
M.	Misce; Misceatur	Араластырылатын болсын. Араластыр. Араластырылсын
N.	numero	санмен
ol.	oleum	май (сұйық)
pil.	pilula	пилюля
p.aeq.	partes aequales	тең бөліктер
pulv.	pulvis	ұнтақ
q.s.	quantum satis	қанша қажет, қанша керек
r., rad.	radix	тамыр
Rp.	Recipe	Ал
Rep.	Repete. Repetatur	Қайтала. Қайталанатын болсын
rhiz.	rhizoma	сала тамыр
S.	Signa. Signetur	Белгіле. Белгіленетін болсын
sem.	semen	ұрық
simpl.	simplex	қарапайым
sir.	sirupus	шырын
sol.	solutio	ерітінді
supp.	suppositorium	балауыз
tabl.	tab(u)letta	таблетка
t-ra, tinct., tct.	tinctura	тұнба
ung.	unguentum	жақпа май
vit.	vitrum	шыны ыдыс
ppt., praec.	praecipitatus	тұнған
past.	pasta	паста

Дәрілік заттарды, медициналық
мақсаттағы бұйымдар мен
медициналық техниканы көтерме
және бөлшек саудада өткізу
ережесіне 4-қосымша
Н ы с а н
Форма
Формат А 4

| Нысанның БҚСЖ бойынша коды _____ |
| Код формы по ОКУД _____ |

| КҰЖЖ бойынша ұйым коды _____ |

| Код организации по ОКПО _____ |

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министріні 200__ж. "__"____ N _____ бұйрығымен бекітілген N 134/е нысанды медициналық құжаттама
Ұйымның атауы Наименование организации		Медицинская документация Форма N 132/у утверждена приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от "__"____200__года N _____

Дұрыс жазылып берілмеген рецепттілерді тіркеу журналы

Журнал учета неправильно выписанных рецептов

N	Күні дата	Денсаулық сақтау ұйымының атауы Наименование организации здравоохранения	Дәрігердің Т.А.Ә. Ф.И.О.врача	Рецептінің құрамы Содержание рецепта	Анықталған бұзушылықтар Выявленные нарушения	Қолданған шаралар Принятые меры	Фармацевтикалық қызмет объекті маманының Т.А.Ә. Ф.И.О. специалиста объекта фармацевтической деятельности

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушының
2009 жылғы 16 қарашадағы
N 711 бұйрығына
2-қосымша

Күші жойылған бұйрықтардың тізбесі

1) "Дәрілік заттардың, медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың көтерме саудасының ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті төрағасының 2004 жылғы 11 ақпандағы N 19 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2735 тіркелген) ;

2) "Дәрілік заттардың, медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың бөлшек саудасының ережелерін бекіту туралы" Қазақстан

Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті төрағасының 2004 жылғы 11 ақпандағы N 20 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2736 тіркелген) ;

3) "Дәрілік заттардың, медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың көтерме саудасының ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті төрағасының 2004 жылғы 11 ақпандағы N 19 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің 2004 жылғы 28 мамырдағы N 64 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2902 тіркелген);

4) "Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды қоспағанда, дәрілік заттарға рецепт жазып беру және босату жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 21 мамырдағы N 289 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 2 маусымда N 5226 тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2008 жылы 31 маусымда, N 89 (1489) жарияланған).